

# ТУУ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ  
ЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

рт

Жұма

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйым

## ГЕНЬ

### лық жайы туралы

### ағы сағат 2 де

етін реттейтін  
үздіксіз қол-  
ре-бірте аздап  
ртта таңертең  
дәрежесі біраз  
күші бойына,  
луы қайтадан  
сілігі минуты-

режеде қалуда  
нгісі 110), та-  
108—116, дү-  
дік аритмия).  
кпейген.

е, сол сыяқты  
нан елеулі өз-  
Несебінен белок  
ері табылды,  
Қанды зертте-  
нің саны (17

мыңға дейін) көбейгені байқалды. Тем-  
пературасы таңертең және күндіз 38,6  
градуска дейін көтеріңкі болды.

4 март бойы емдеу шаралары кислород-  
пен дем алдыру, камфоралық препарат-  
тар, кофеин, трупантин және глюкоза  
қолдану түрінде жүргізілді. Сүлік салу ар-  
қылы қайталан қан алынды. Температу-  
расының көтеріңкі болуына және лейко-  
цитоздың жоғары болуына байланысты  
пенициллин емі күшейтілді, (бұл ем ауру-  
дың басталуынан бері профилактика мақ-  
сатымен қолданылып келген).

5 марта ауған түнге қарай И. В.  
Сталиннің денсаулық жайы ауыр күй-  
інде болды. Науқас септорж (қатты есі-  
нен тану) кәліңде. Тыныс алудың первы-  
лық регуляциясы, сол сыяқты жүректің  
қызметі өте бұзылған күйде қалуда.

РО Денсаулық сақтау Министрі А. Ф. ТРЕТЬЯКОВ.  
итариялық басқармасының бастығы И. И. КУПЕРИН.  
рлігінің бас терапевті профессор П. Е. ЛУКОМСКИЙ.  
иясының толық мүшесі профессор Н. В. КОНОВАЛОВ.

# 1953 жылғы 1 марттағы еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советіне сайлаудың қорытындылары туралы

## Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің сайлауын өткізетін қалалық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

Қалалық сайлау комиссиясы 1953 жыл-  
ғы 1 марттағы еңбекшілер депутаттары  
Петропавл қалалық Советіне сайлаудың қор-  
ытындылары туралы мәліметтерді хабар-  
лайды.

1953 жылғы 2 мартта таңертеңгі сағат  
7-ге Петропавл қалалық сайлау комиссия-  
сына округтік сайлау комиссияларынан  
еңбекшілер депутаттарының Петропавл қа-  
лалық Советіне сайлаудың нәтижелері ту-  
ралы барлық 49 сайлау учасқткерінің  
мәліметтері негізінде жасалған мәліметтер  
түсті.

Учасқттік сайлау комиссияларынан  
түскен мәліметтерге сәйкес, Петропавл қа-  
лалық Советіне депутаттар сайлауға бар-  
лық тіркелген сайлаушылардың 99,99  
проценті қатысты.

Барлық 200 сайлау округтерінде дауыс  
беруе қатысқан барлық сайлаушылардың  
99,37 проценті коммунистер мен партиа-  
да жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс  
берді. Депутаттыққа кандидаттарға дауыс  
беруе қатысқан барлық сайлаушылардың  
0,63 проценті қарсы дауыс берді.

Петропавл қалалық сайлау комиссиясы

«Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының  
облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік,  
селолық және ауылдық Советтерінің сайла-  
уы туралы Ереженің» 49-статьясына  
сәйкес әрбір округ бойынша түскен мате-  
риалдарды қарай келе, Петропавл қала-  
сындағы барлық 200 сайлау округі бо-  
йынша Петропавл қалалық Советіне сай-  
ланған депутаттарды тіркеді.

Сайланған депутаттардың барлығы ком-  
мунистер мен партиада жоқтар блогінің  
кандидаттары болып табылады.

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің сайлауын өткізу жөніндегі қалалық сайлау комиссиясы.

## Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советіне сайланған депутаттардың тізімі

Округ  
№№

Фамилиясы, өзінің аты және әкесінің аты.

- 1 Иманова Агрипина Ефимовна
- 2 Щербанов Александр Васильевич
- 3 Бысов Василий Васильевич
- 4 Хижнова Татьяна Яковлевна
- 5 Соколов Алексей Алексеевич
- 6 Малышев Алексей Григорьевич
- 7 Коваленко Зоя Васильевна
- 8 Нұрмұхамедов Әміргәлі
- 9 Храпунова Лидия Васильевна
- 10 Зерневиц Юрий Генрихович
- 11 Семенова Наталья Петровна
- 12 Кузин Семен Ефремович
- 13 Новосельцев Владимир Николаевич

- 65 Григорьев Владимир Иванович
- 66 Бурнина Евдокия Васильевна
- 67 Поцелуев Андрей Сидорович
- 68 Комиссаров Николай Петрович
- 69 Пак Константин Германович
- 70 Шатунов Степан Михайлович
- 71 Хамидуллин Асгаддолла Гибадоллаұлы
- 72 Абросимова Анна Семеновна
- 73 Шәкіров Ғалым Шәкірұлы
- 74 Жұмабаев Талғат Аманғұлұлы
- 75 Прядко Иван Илларионович
- 76 Климов Борис Лукич
- 77 Василевский Иван Васильевич
- 78 Сердюков Павел Трофимович
- 79 Меньщикова Прасковья Даниловна
- 80 Агарикова Евдокия Демьяновна
- 81 Иванов Анатолий Максимович

- 133 Никулин Терентий Яковлевич
- 134 Ялунин Петр Кириллович
- 135 Гармаш Серафима Алексеевна
- 136 Шульжицкий Михаил Михайлович
- 137 Криулин Николай Николаевич
- 138 Кудряшева Валентина Ивановна
- 139 Верлета Андрей Исаакович
- 140 Ладухин Михаил Евтихеевич
- 141 Ганущенко Иван Петрович
- 142 Северьянова Пелагея Федоровна
- 143 Омельчук Виктор Николаевич
- 144 Журавлева Анна Ивановна
- 145 Әмренов Сатыбалды
- 146 Кочемировский Вячислав Иванович
- 147 Родин Иван Федорович
- 148 Игнатова Татьяна Кирилловна
- 149 Зубцова Ольга Владимировна

шын мәнісінде темірдей берік тәртіп болмаса, жұмысшы табының бүкіл қалың бұқарасы, яғни артта қалған топтарды бастай алатын немесе соңынан өрте алатын ондағы ойлы, адал ниетті, жанқияр, беделділердің бәрі партияны мейлінше толық және сөзсіз берілгендімен қолдамаған болса, большевиктер өкімет басында екіжарым жыл түгіл, екіжарым ай да тұра алмаған болар еді, кәзір мұны жұрттың бәрі дерлік көріп отырған болу керек».

Владимир Ильич Ленин партиядан саясилықты, революцияға шын берілгендікті, ұстамдылықты, жанқиярлықты, қаһармандықты ғана талап етіп қоймай, мұнымен бірге еңбекшілердің ең көп қалың бұқарасымен байланыс жасай білуді, жақындаса, белгілі дәрежеде біріге білуді талап етті.

Сталин жолдас, үнемі: егер партия партияда жоқ бұқарамен байланысты болмаған болса, егер партия мен партияда жоқ бұқара өзара ұштасып отырмаған болса, партия жұмысшы табына басшылық ете алмаған және оны жеңістен жеңіске бастай алмаған болар еді деп көрсетуде.

«...Партияда жоқ жұмысшылардың қалың бұқарасы,— деп көрсетеді Сталин жолдас,—біздің партияны өз партиясына, өзіне жақын және туысқан партияға есептейді, олар партияны күшейтуді, нығайтуды жан-тәнімен тілейді, өз тағдырын өз ықтыярымен сол партияның басшылығына сеніп тапсырады».

Бұқарамен байланысты нығайта отырып, миллиондаған еңбекшілердің қолдауына сүйене отырып, Коммунистік партия ұлы Сталиннің данышпандық басшылығымен елімізді социализмнің жеңісіне жет-

Соғыстың ауыр жылдарында ССРО-ның барлық халықтарының Совет Үкметін шын ниетімен толық қолдауы, еңалдымен, еліміздің тең халықтары қатарындағы үздік халық — ұлы орыс халқының Совет Үкметіне сенімі Отанымыздың адамзаттың қас жауы — фашизмді талқандап, тарихи жеңіске жетуін қамтамасыз еткен шешуші күш болып шықты.

Соғысты жеңіспен аяқтағаннан кейін партия халқымызды 1946 жылғы 9 февральдағы тарихи сөзінде Сталин жолдас алға қойған ұлы міндеттерді орындауға жұмылдырды. Бұл міндеттерді неғұрлым тез жүзеге асыруға жан-тәнімен ұмтылған миллиондаған бұқараның творчестволық инициативасы бүкілхалықтық социалистік жарыстан, совет аламдарының еңбек майданындағы жаппай ерлігінен айқын көрінді. Соғыстан кейінгі сталиндік бірінші бесжыллықтың ойдағыдай орындалуы бүкіл совет халқының Ленин—Сталин партиясы алға қойған міндеттерді өзінің төл ісі деп тапқанын айқын көрсетеді.

Сталин жолдасының «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген жаңа данышпандық шығармасы, оның партияның XIX съезіндегі тарихи сөзі, съездің қарарлары совет халқын рухтандырып, еңбек майданындағы ерлік істерге жұмылдырды, оған коммунистік құрылысты келешекте де жеңімпаздықпен жүргізудің тамаша және айқын болашағын көрсетіп берді.

Біздің елімізде саяси және еңбек өрлеуі өсіп кең өрістеуде. Совет халқы Коммунистік партияның ұлы игілікті жоспарларын орындау жолына өзінің күші мен еңбегін аянбай жұмсайды. Біздің алға басуымыз-

лективке біріктіруде, бұлардың қайсысы болса да бір ортақ істі — коммунизм құрылысының ұлы ісін жүзеге асыруда.

Бұл қиын күндерде, партия мен халық бақытсыздыққа дұшар болған — сүйікті көсеміміз және ұстазымыз Иосиф Виссарионович Сталин ауыр науқастаған кезде, әрбір совет адамы үкмет хабарының сөздерін жалынды сезіммен ұғып алады:

«Орталық Комитет пен Министрлер Советі біздің партиямыз бен бүкіл совет халқы бұл қиын күндерде асқан бірлік пен топтасқандық, рух беріктігі мен қырағылық көрсетеді, елімізде коммунизм орнатуда өздерінің жігерін екі есе күшейтеді, Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Совет Одағының Үкметі төдірегіне онан сайын тығыз топталады деп сенім білдіреді».

Бірлік пен топтасқандық, рух беріктігі мен қырағылық Ленин мен Сталин, олар құрған және тәрбиелеп өсірген коммунистердің қаһарман партиясы біздің халқымыздың осындай тамаша қасиеттерін тәрбиелеп өсірді. Бұл асыл қасиеттердің халық қалың бұқарасының игілігіне айналғандығы, — біздің барлық бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістеріміздің қайнар бұлағы, еліміздің коммунизмге бастаған жолмен ойдағыдай алға баса беруінің көпілі.

Сталин жолдас алға қойған тамаша ұлы міндеттерді жүзеге асыра отырып, совет халқы партияның сыннан өткен басшылығымен, бізге Сталин жолдас көрсетіп отырған мақсатқа — елімізде коммунизмнің салтанат құруына қарай сеніммен, бөгелмей алға басуда!

(«Правданың» 5 марттағы басмақаласы).

## ЖАС КОМБАЙНШЫ

Василий Круцкий — Соколов МТС-нің жас комбайншысы. Өзінің қажырлы еңбегі арқасында ол МТС-тің көптеңгі тәжірибелі комбайншыларының қатарына қосылды.

Василий 1952 жылы егін жыйнауға айтарлықтай табыстарға жетті. Ол жылы тағы да өздігінен жүретін комбайнмен 512

гектар егін жыйнап, 5400 центнер астық бастырды. Сөйтіп, Василий еңбекте үздіксіз өсіп келеді.

Партияның XIX съезінің қарарларымен жігерленген комбайншы Василий кәзір тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу ісінде қажырлы еңбек етіп

жүр. Ол тракторлардың күрделі бөлшектерін жөндеудің механигі. Бұл жауапты міндетті аброймен орындауда. Василий жұмыс істейтін трактор-жөндеушілер торабы тағайындалған трафикті ұдайы артығымен орындап келеді.

А. ПОПКОВ.

56 Марушкина Екатерина Дмитриевна	124 Грязнова
57 Рогольский Павел Петрович	125 Соколов
58 Коваленко Тамара Михайловна	126 Дегтярева
59 Андреев Петр Степанович	127 Максимов
60 Нефедов Павел Алексеевич	128 Максимов
61 Оспанов Қабан Рыспауұлы	129 Калинин
62 Селиванов Алексей Афанасьевич	130 Гречкосеев
63 Нурланов Капен Нурланұлы	131 Кошелева
64 Горлина Мария Александровна	132 Мұхамедж

Еңбекшілер депутаттары Петропавл а

## 1953 жылғы 1 марттағы еңбекшілер аудандық Советіне сайлау аудандық сайлау

Аудандық сайлау комиссиясы 1953 жылғы 1 марттағы еңбекшілер депутаттары Петропавл аудандық Советіне сайлаудың қорытындылары туралы мәліметтерді хабарлайды.

1953 жылғы 2 марта таңертеңгі сағат 8-ге дейін Петропавл аудандық сайлау комиссиясына округтік сайлау комиссияларынан еңбекшілер депутаттары Петропавл аудандық Советіне сайлаудың қорытындылары туралы барлық 22 участоктік сайлау комиссияларының мәліметтері негізінде жасалған толық мәліметтер түсті.

Барлық участоктік сайлау комиссияларынан алынған мәліметтерге сөйкес, ең-

Еңбекшілер депутаттары Петропавл а

## Еңбекшілер депутаттары Петропавл аудандық Советіне сайлау

Округ №№	Фамилиясы, өзінің аты және әкесінің аты	№	Аты
1	Бержатый Иван Никанорович	8	Ыбыраев Өз
2	Шварц Христьян Готфридович	9	Иващенко
3	Александров Николай Иванович	10	Дедоз Конст
4	Ысқақова Мағриша	11	Шмаков Пав
5	Ли Борис Александрович	12	Денастро Л
6	Бәукунов Еләм Бәукуновұлы	13	Силантьев Д
7	Журавлева Регина Леоновна	14	Резина Але
		15	Савченко С
		16	Чайко Миха

Еңбекшілер депутаттары Петропавл а

## Мектеп кітапханасында

Кітапхана іші бүгін де күндегідей оқушыларға лық толы.

— Маған Михаил Бубенновтың «Ақ қабың» романының екінші кітабын беріңізші?

— Ол кітап Ережеповта еді, — деді кітапханашы Х-класс оқушысы Ақмағанбетов Ертайға.

— Маған жазушы Шуховтың «Өшпенділік» романын беріңіз.

— Анри Барбюстың Сталин туралы кітабын қарастырыңызшы.

— Илья Эренбургтің «Тоғызыншы вал» романы жоқ па?

Кітапханашы оқушылардың қалаған кітаптарын беріп жатты.

Бұл Ленин ауданындағы Еңбек орта мектебінің оқушылар кітапханасындағы бір көрініс еді. Білімге құмар қанша оқушылардың тілегін қанағаттандырып тұрғын — кітапхана меңгерушісі Құрманғалиева жолдас болатын.

Еңбек орта мектебінің кітапханасы аудандағы ірі кітапхананың бірі. Мұнда 2 мың 500 данадан астам кітап бар. Маркс-изм-ленинизм классиктерінің еңбектерінен бастап совет әдебиетінің соңғы шығармалары кітапхана шақфатын толтырып тұр. Сол сыяқты, Халықтық демократия елдері мен қытай, корей жазушыларының өз елдеріндегі жаңа, ұлы өзгерістерді сыйпаттайтын шығармалары, Батыс Еуропа мен Американың прогресшіл жазушыларының кітаптары да аз емес. Кітапхана орталық, республикалық және облыстық баспаларда шығатын газет-журналдарды алдырып отырады.

Оқушылардың жалпы білімін көтеруде кітапхана айтарлықтай роль атқарып отыр. Мұнда кітап оқушылардың конференциясы жиі өткізіліп тұрады. Борис Полевойның «Нағыз адам туралы повесть» кітабы туралы жуырда болып өткен конференция оқушылардың қызу қатысуы дәрежесінде өтті. Конференция жұмысын орыс тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы Әсия

# Американ империалистерінің Скандинавиядағы әрекеттері

Кәзіргі халықаралық жағдайдағы ерекшеліктердің бірі, деп көрсетті Г. М. Маленков жолдас СОКП XIX съезіндегі баяндамасында, мынадай: басты агрессияшыл мемлекет — Американың Құрама Штаттары басқа капиталистік елдерді, ең алдымен Солтүстік Атлантика блогіндегі елдерді, сонымен қатар дүниежүзілік екінші соғыста жеңілген елдерді — Батыс Германияны, Италияны, Жапонияны соғысқа барынша итермелеп отыр. Батыс Еуропаның капиталистік мемлекеттері кәзір өздерінің ұлттық еріктілік саясатынан іс жүзінде бастартып, американың империалистері көрсеткен саясатты жүргізуде, өздерінің жерлерін американдардың базалары соғыс плацдармдарын жасау қажетіне беруде.

Мәселен, соңғы жылдарда Скандинавия елдерінде туған жағдай Г. М. Маленков жолдасының осы айтқандарын айқын сыйпаттайды.

АҚШ-тың Скандинавия елдері жөніндегі саясаты оның басқа елдердің жерлері мен армияларын пайдалануды көздейтін жалпы агрессиялық бағытымен жүргізіліп отырғаны жалпы жұртқа мәлім.

АҚШ-тың билеп-төстеуші топтары өздерінің Скандинавия елдері жөніндегі бұл саясатын әсресе соңғы кезде ерекше арсыздықпен және озбырлықпен жүргізе бастады. «Долларлық көмек» көрсету сылтауымен Скандинавия елдерін экономика жағынан кіріптарлыққа түсіруді, өздерінің дүниежүзілік үстемдігін орнатуға дәмеленетін мұхит аржағындағы империалистер енді бұл елдерді оккупациялаумен аяқтауда.

Бұл жолдағы бірінші құрбандық Исландия болды. Солтүстіктің бұл кішкене мемлекетін экономикалық тәуелділік торымен шырмал, американың империалистері оны бір

Данияның жылма-жылғы соғыс шығындары миллиард кроннан асады. Оның бюджет қаржысының кемінде 30 проценти осыған жұмсалады.

Жақын арада Данияның қорғаныс министрі Харальд Петерсен Данияда соғыс аэродромдары мен қазармалар салудың күшейтілуі Дания жеріне американың қарулы күштерін орналастыру жоспарларымен байланысты екенін мойындады. Бұл мойындау, сол сыяқты, басқа мемлекет қайраткерлерінің осындай мәлімдемелері Дания жұртшылығы арасында ерекше күшті наразылық туғызды. Шетелдіктердің оккупациялауына қарсы халық наразылығының қандай күшейгенін мынадай фактінің өзі дәлелдейді: Копенгагеннің билеп-төстеуші топтары кәзір Дания жеріне американың әскерлерін орналастыру мәселесін парламент те талқылаудан да қорқады. Данияның Гренландия аралын осылайша оккупациялаған американың империалистері және олардың Копенгагендегі агенттері енді Данияның өзін, сол сыяқты, Норвегияны осындай халге ұшыратуға әзірлік жасауда.

Американың Ослодағы бұрынғы елшісі Байдын арсыздықпен мәлімдегеніндей, Норвегия «АҚШ-тың белгілі бір соғыс күшіне» айналды. Норвегияны тездетіп милитарландыру және оны Вашингтонның өктемдігіне бағындыру арқылы бұл ел бірте-бірте АҚШ-тың соғыс плацдармына айналдырылуда.

Солтүстік Атлантика блогіне қосылғанға дейін Норвегияның соғыс шығындары әдетте оның бюджет қаржысының үш процентінен аспаса, 1949 және 1950 жылдарда бұл шығын бюджет қаржысының үштен бірідей, ал, 1952 жылы 40 процентіндей болды. Соғысқа дейінгі уақытпен салыстырғанда, Норвегияның қарулануға жұмсайтын шы-

Ресми мәліметтер бойынша, бұл елде 1952—1953 финансы жылында тікелей соғыс қажетіне 1.650 миллион крон қаржы бөлінген. Бұл қаржының көбі американың авиациясы пайдаланатын соғыс-әуе базаларын жасауға жұмсалады. Соңғы кезде бұл елде американың және швед соғыс ведомстволарының ынтимақтасып істейтін күшейді. Мұның нәтижесінде Швецияға мұхит аржағынан соғыс материалдарын, оның ішінде радарлық жабдықтар әкелу ұлғайтылды. Бұл фактілерге байланысты демократиялық фин баспасөзінің АҚШ пен Швеция арасында астыртын соғыс келісімінің болуы туралы хабарлары түсінікті және айқын болуда. Халықтың ашуынан қорқатын Швецияның билеп-төстеуші топтары өздерінің ниетін халықтан тыс астыртын жүзеге асыруда.

Алайда, АҚШ империалистерінің жоспарлары мен ниеттері Скандинавия халықтарының барған сайын ұлғайған қарсылығына және наразылығына кездесуде.

Солтүстік елдер жұмысшыларының ноябрьде Ослода өткізілген бейбітшілік қорғау конференциясы американдардың империалистік саясатына бірауыздан қарсылық білдіріп, Скандинавия мемлекеттерінің билеп-төстеуші топтарының бұл саясатты қолдауын айыптады. Оған дейін Стокгольмде өткізілген солтүстік елдердің бейбітшілікті жақтаушыларының конгресі сыяқты бұл конференцияда да Данияның, Норвегияның, Швецияның, Исландияның барлық азаматтарын американдардың солтүстіктегі экспанциясына қарсы, Скандинавия елдерінің агрессиялық соғыс блоктарына қатысуына қарсы мейлінше батыл күресуге шақырды.

Мәселен, Дания мен Норвегияда қалың бұқараның бұл елдерде, «шетелдік», яғни

# Товар айналымы жоспарын үнемі орындау керек

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті жоспарды түрде жүзеге асырып отырған азық-түлік пен өндіріс товарлары бағасының жыл сайын кемітілуі жұмысшылардың нақтылы еңбekaқысының өсіп отыруы, колхозшы шаруалар кірісінің мөлaюу совет сомының сатып алу қабілетін үнемі арттыра түсуде.

Сталиндік бесінші бесжылдықта бөлшек сауда товар айналымы, шамамен, 70 процент өсуде тиіс. Олай болса, бұл міндеттің ойдағыдай орындалуы сауда орындарының тұтынушылардың тілектерін мүлтіксіз жүзеге асыру жөніндегі жұмысты іскерлікпен ұйымдастыруларына байланысты.

Сауда қызметкерлері еңбекшілердің қамын ойлауды оларға тек қана сыпайылық көрсету деп ұқпай, дүкендер мен магазиндерде тұтынушыларға керекті барлық товар түрлерінің үнемі болып тұруын қамтамасыз ету деп ұғынулары қажет. Ол үшін еңбекшілерге керекті товарларды алдын ала сұрастырып біліп, оны есепке алып, товарларды әкелу және жеткізу мәселелерін көрегендікпен жоспарлап отыруға міндетті.

Қалада 40-тан астам сауда орындары және 150-ден астам көпшілік тамақтандыру орындары бар. Оларда көптеген сауда қызметкерлері жұмыс істейді. Өткен жылы 1951 жылмен салыстырғанда қала еңбекшілеріне 1 миллион 800 мың сомның товары артық сатылды. № 14 және № 60 магазиндердің қызметкерлері товар айналымының жоспарын артығымен орындап, еңбекшілерді мәдениетті қамту жөніндегі жақсы істермен жұртшылықтың көшеметіне ие болды. Сол сыяқты, № 1 асхананың коллективі жылдық жоспарды 108,9 процент орындап, тағам даярлау сапасын бірсыпыра жақсартты.

Бірақ сауда орындарының жұмысында

кемшілік жағы әлі де болса басым. Бұл жөнінде 1952 жылдың мемлекеттік жоспарын 15 сауда орнының орындай алмағандығын айтудың өзі-ақ жеткілікті. Өткен жылы өте қанағаттанғысыз жұмыс істеген сауда орындарының бірі Шеголев жолдас директор болып істейтін қалалық сауда бөлімі. Бұл мекеме еңбекшілерге 19 миллион сомның товарын кем беріп, жылдық жоспарын небары 87-ақ процент орындады. Қалалық сауда бөлімі қамтылтын 25 сауда орнының ішінен тек қана 14 магазиннің товар айналымы жоспарын орындау сыяқты төзгісіз кемшіліктен қалалық сауда бөлімінің басшылары әлі күнге дейін тиісті қорытынды шығармай келеді. Товар айналымы жоспарының орындалмауына жоқты сылтаурату осы жылдың январь, февраль айлары жоспарларының орындалмауына әкеп соғып отыр.

Мұнымен қатар, өнеркәсіп базалары мен боймалардан товарлардың сауда орындарына жеткізілуі нашар ұйымдастырылған. Сауда қызметкерлерінің дәрменсіздігінен кейде ең қажетті товарлар: сіріңке, тұз, чай тағы басқа заттардың болмай қалуы кездеседі. Ал, 1953 жылдың басында өтпей қалған товарлардың мөлшері 11 миллион 331 мың сомға жетті.

Асханалар мен ресторандар тресі 1953 жылдың алғашқы айларында-ақ товар айналымының жоспарын орындауды үлкен олқылыққа ұшыратып отыр. Қаладағы көптеген асханаларда әзірленетін тағамдардың сапасы төмен, мәдениетті совет саудасына қойылатын талаптарға сәйкес келмейді. Оның үстіне асханаларда заказ берілген тағамдардың әзірленуін келген адамдардың ұзақ уақыт күтіп отыруына тура келеді.

«Комсомолка» тігін фабрикасының жа-

нындағы асханада төртін нашар, іші лас, асбасшылар тәтті, дәмді тағамдар әзірлей білмейді. Сондай-ақ қаланың сауда орындары картофель мен бау-бақша жемістерін қысқы уақытқа дайындау жұмысына нежұрайды қарап, жеткілікті көңіл бөлмеді. Қала бойынша 1354 тонна картофель мен 614 тонна бау-бақша жемістерін дайындап, тұздаудың орнына небары 603 тонна картофель, 273 тонна бау-бақша жемістері ғана дайындалды.

Товар айналымы жоспарының мемлекет тағайындаған мерзімде орындалуына «Швейсбыт», «Текстильсбыт», «Главтабак», «Главкондитер» тағы басқа базалардың басшылары жеткілікті көңіл бөлмей, өздеріне жүктелген жауапкершілікті естен шығарып отыр. Олар сауда орындарына 10 миллиондаған сомның товарын бермей, товар айналымы жоспары орындалуының үлкен олқылыққа ұшырауына тікелей себепкер болды.

Кәсіпшілік артельдері шығаратын өнімдердің сапасы еңбекшілеріміздің күн саппап өсіп отырған талабын қанағаттандыра алмайтындығын ашып айту қажет. «Трико-тажник», «Прогресс», «Пишевик» және басқа кәсіпшілік артельдеріне өздері шығарып отырған өнімдердің сапасын жақсартта түсу жөнінде көбірек жұмыс істеу керек болады. Ал, Сәрсенбаев жолдас председателі болып істейтін артель шығарып отырған аяқ-киімнің сапасы мүлде нашар.

Совет саудасы қызметкерлеріне партия мен үкметіміз, коммунистік құрылыстың ең негізгі міндеттерінің бірі—еңбекшілерді азық-түлік, өндіріс товарларымен қамтуды жүктел отыр. Қалалық сауда орындары жоғарғы кемшіліктерді жедел жоюға тиіс.

## А. СКРИПНИК,

Қалалық Совет аткомі председателінің орынбасары.

жөніндегі саясатының ол елдерде қандай халге ұшырататынын неғұрлым айқын көрсетеді. Дания мен Норвегия да осындай халге ұшыратылғалы жүр.

Данияның билеп-төстеуші топтарының әуелі Маршалл жоспары бойынша, оған кейін Солтүстік Атлантика шарты бойынша алған міндеттемелерінен пайдалана отырып, өзінің Копенгагендегі агенттері арқылы әрекет жасай отырып, АҚШ Данияны өзінің агреооиялық саясатының жетегіне тіркеді. Данияның билеп-төстеуші топтары Вашингтонның бұйрығы бойынша өздерінің елін милитарландыруда, оны американо карулы күштерінің оккупациялануына әзірлеуде.

Копенгагеннің Американо им ең үлкен елі — шеңгелін салудың расының күштілік көрсету се лантика агрессия Алайда Швеция сния саясатының қатты сезуде. билеп-төстеуші тайды. Америка Уорлд рипорт» лы: «Англияны ғанысқа Швеция бірде-бір ел жо

## Кореядағы оқыйға

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІ

ПХЕНЬЯН, 4 март. (СОТА). Корея Халық Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері американо

ағылшын интершыл әскерлерге рын жүргізді де Бүгін жау са ланның 2 само

## Итальян еңбекшілерінің өз үшін күресі

РИМ, 4 март. (СОТА). «Унита» газетінің хабарына қарағанда, Флоренциядағы «Пиньоне» металлургия заводының жұмысшылары шығаруға ұйғарылған жұмысшылардың санын азайту жөнінде кәсіпорындары иелері мен кәсіподақтар ұйымдарының арасындағы келіс сөздердің тоқталуына қарсы наразылық білдіру ретінде 24 сағаттық ереуіл өткізген.

Ливорно провинциясының металлургері «Пьомбино» заводы еңбекшілерімен тілектік білдіру ретінде 2 сағат бойына ереуіл жасаған. Олар да жұмысшыларды

жұмыстан шығарып орындар иелері жазалау шаралы де.

Рим, 4 март, газетінің хабарының «Атақ», «С трамбай қоғамд қызметшілері 2

Жалақыны ады қолдау үшін вай жүрісін то

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс